

**БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ**

1 Аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

БББ атауы: 7R01123 «Балалар хирургиясы»

Пән коды: R-NH

Пәннің атауы: «Педиатриядағы қарқынды терапия»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 4 кредит, 120 сағат

Курс және оқу семестрі: 1 курс

Әзірлеуші кафедра ассистенті:

Аблатаева Р.Б.

Кафедра меңгерушісі к.м.н доцент

Сейдахметова А.А.

Хаттама № 11 26 06 2025ж.



«Педиатриядағы қарқынды терапия»

АБ-1

1 - нұсқа

№1.

9 жастағы ұл бала аудандық ауруханадан жағдайының нашарлауына байланысты облыстық балалар клиникасының реанимация бөліміне ауыстырылды. Анамнезінде 3 күн бойы іштің ауыруы, дене қызуы 38,5°C, құсу болған. Кеш жүтінген. Операция кезінде перфоративті аппендицит және диффузды іріңді перитонит анықталған, санация және дренаж жасалған. Операциядан кейін 12 сағаттан соң жағдайы тұрақтанбаған. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр. Бала саналы, бірақ тежелген, сұрақтарға баяу жауап береді. Тері жабындылары бозғылт-сұр, аяқ-қолдары салқын. ЖСЖ 165/мин, ТЖ 34/мин, SpO₂ 95% оттегі маскасымен, АҚК 70/40 мм сын.бағ., капиллярлық толу 6 секунд. Диурез 0,3 мл/кг/сағ. Іші операциядан кейінгі таңғышпен жабылған, ішек перистальтикасы жоқ. Зертханалық көрсеткіштер: лейкоциттер 24×10⁹/л, тромбоциттер 95×10⁹/л, CRP және прокальцитонин жоғары. Лактат 6,5 ммоль/л. Креатинин 150 мкмоль/л. Қан газдары: рН 7,21, ВЕ –12 ммоль/л. Сұрақтар: Септикалық шоктың ауырлық критерийлері қандай? Алғашқы сағаттағы инфузиялық терапия көлемін қалай есептейсіз? Вазоактивті қолдауды таңдау принциптері қандай? Қайта лапаротомияға көрсеткіштерді қалай бағалайсыз? Көп ағзалық жеткіліксіздікті динамикада қалай мониторингілеу қажет?

№2.

Гестациялық жасы 38 апта, салмағы 3100 г ұл бала өмірінің 2-тәулігінде он екі елі ішек атрезиясы диагнозымен операцияланған (дуодено-дуоденоанастомоз). Операциядан кейінгі 3-тәулікте жағдайы нашарлаған. Назогастральды зонд арқылы көп мөлшерде өт аралас сұйықтық бөлінеді (тәулігіне 80–100 мл/кг). Соңғы 12 сағатта бала әлсіреген, жылауы әлсіз, ему рефлексі жоқ. Қарау кезінде жағдайы ауыр. Бала летаргиялық, терісі бозғылт, құрғақ, үлкен еңбегі аздап басылған. ЖСЖ 180/мин, ТЖ 60/мин, SpO₂ 96% ауада, АҚК 45/25 мм сын.бағ., капиллярлық толу 5 секунд. Диурез 0,4 мл/кг/сағ. Іші жұмсақ, операциялық тігіс аймағы таза, перистальтика әлсіз. Зертханалық көрсеткіштер: Na⁺ 128 ммоль/л, K⁺ 3,1 ммоль/л, Cl⁻ төмен, гематокрит жоғары (гемоконцентрация), креатинин 120 мкмоль/л. Қан газдары: рН 7,32, ВЕ –6 ммоль/л. Альбумин төмен. Сұрақтар: Гиповолемияның клиникалық және зертханалық критерийлері қандай? Сұйықтық тапшылығын қалай есептейсіз және қандай ерітінділерді таңдайсыз? Электролиттік бұзылыстарды түзету тактикасы қандай? Парентералды қоректендіруді қашан және қалай бастайсыз? Анастомоз жеткіліксіздігіне күдік туғанда қандай диагностикалық және тактикалық әрекет жасайсыз?

№3.

13 жастағы ұл бала жол-көлік апатынан кейін жедел жәрдеммен жеткізілді. Оқиға кезінде алдыңғы орындыққа соғылған, қауіпсіздік белдігі тағылмаған. Қабылдау кезінде есі анық болған, кеуде тұсының оң жағында ауырсынуға шағымданған, тынысы жиілеген. Алғашқы 2 сағат ішінде жағдайы біртіндеп нашарлап, еңтігу күшейген, мазасыздық пайда болған. Қарау кезінде жағдайы ауыр. Санасы сақталған, бірақ айқын еңтігу, сөйлеуі үзік-үзік. Тері жабындылары бозғылт, периоральды цианоз бар, тершендік байқалады. ЖСЖ 150/мин, ТЖ 40/мин, SpO₂ 86% ауада, 92% 10 л/мин оттегі маскасымен, АҚК 90/55 мм сын.бағ. Капиллярлық толу 4–5 секунд. Кеуде торы оң жақта пальпацияда ауырады, қабырға сынуына күдік, крепитация жоқ. Аускультацияда оң өкпеде тыныс әлсіреген, шашыраңқы ұсақ ылғалды сырылдар, сол жақта везикулярлы тыныс. Перкуссияда айқын тұйықталу жоқ. Іш қуысы жұмсақ, айқын патологиясыз. Неврологиялық статус – ошақты симптомсыз. Диурез сақталған. Зертханалық көрсеткіштер: Нb 105 г/л,



лейкоциттер $16 \times 10^9/\text{л}$, тромбоциттер $220 \times 10^9/\text{л}$. Лактат $4,2 \text{ ммоль/л}$. Қан газдары (оттегі маскасымен): $\text{pH } 7,28$, $\text{PaO}_2 60 \text{ мм сын.бағ.}$, $\text{PaCO}_2 52 \text{ мм сын.бағ.}$, $\text{BE } -5 \text{ ммоль/л}$. Кеуде КТ-да оң өкпенің төменгі және ортаңғы бөліктерінде контузиялық инфильтрациялар, интерстициалды және альвеолярлы өзгерістер, шағын гемоторакс (200 мл дейін), пневмоторакс жоқ. УДЗ FAST – іш қуысы патологиясыз.

Сұрақтар: Өкпе контузиясының ауырлық дәрежесін қандай критерийлермен бағалайсыз? Оттегі терапиясы мен инвазивті емес вентиляция арасындағы тактиканы қалай таңдайсыз? Сұйықтық терапиясының көлемін жоспарлауда қандай шектеулерді ескеру қажет? Өкпе контузиясы фондында ARDS даму қаупін қалай бағалайсыз? Хирургиялық араласуға (дренаж, торакотомия) көрсеткіштерді қалай анықтайсыз?

№4.

1 жастағы ұл бала жедел түрде балалар хирургия бөліміне жеткізілген. Анамнезінде 24 сағат бұрын кенеттен мазасыздық, аяқтарын ішіне тарту, айқайлау эпизодтары болған. Құсу бірнеше рет қайталанған, бастапқыда тағам қалдықтарымен, кейін өт аралас. Соңғы 8 сағатта нәжісі болмаған, «таңқурай желесі» тәрізді бөлінді байқалған. Қабылдау кезінде бала әлсіз, терісі бозғылт, суық тер басқан. ЖСЖ $170/\text{мин}$, ТЖ $42/\text{мин}$, $\text{SpO}_2 97\%$ ауада, АҚК $75/40 \text{ мм сын.бағ.}$, капиллярлық толу 5 секунд. Іші кебінген, пальпацияда оң жақ мықын аймағында ауырсыну және тығыз түзіліс сезіледі. УДЗ-де «нысан» симптомы анықталған. Консервативті редуция нәтижесіз болғандықтан, лапаротомия жасалған. Операция кезінде ішектің 15 см сегментінде ишемия және некроз анықталып, резекция және анастомоз жасалған. Операциядан кейінгі 6 сағатта бала реанимация бөлімінде. Жағдайы ауыр, санасы тежелген. ЖСЖ $165/\text{мин}$, АҚК $70/35 \text{ мм сын.бағ.}$, ТЖ $38/\text{мин}$ (ИБЛ-де), $\text{SpO}_2 96\%$ $\text{FiO}_2 0,5$. Диурез $0,3 \text{ мл/кг/сағ}$. Зертханалық көрсеткіштер: лактат $8,0 \text{ ммоль/л}$, $\text{Hb } 95 \text{ г/л}$, лейкоциттер $22 \times 10^9/\text{л}$, $\text{Na}^+ 130 \text{ ммоль/л}$, $\text{K}^+ 5,8 \text{ ммоль/л}$, креатинин 140 мкмоль/л . Қан газдары: $\text{pH } 7,19$, $\text{BE } -14 \text{ ммоль/л}$. Альбумин төмен.

Сұрақтар: Операциядан кейінгі шоктың типін қалай анықтайсыз? Метаболикалық ацидоздың негізгі себебі қандай? Инфузиялық терапия көлемін және құрамын қалай жоспарлайсыз? Гиперкалиемиюны түзету тактикасы қандай? Ішек анастомозының жеткіліксіздігін ерте кезеңде қалай анықтайсыз?

№5.

4 жастағы қыз бала тұрмыстық өрттен кейін $1,5 \text{ сағаттан соң}$ жеткізілді. Анасының айтуынша бала жабық бөлмеде болған, жалын киіміне тиген. Оқиға орнында жылаған, кейін әлсіреген. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр. Санасы тежелген, мазасыздық эпизодтары бар. Тері жабындыларында терең күйіктер: кеуде алдыңғы беті, іш аймағы, екі қол және оң сан – жалпы күйік беті шамамен $35\text{--}40\%$ TBSA, IIIA–IIIB дәрежелі. Бетінде күйік элементтері бар, мұрын қуыстарында күйе, дауысы қарлығыңқы. ЖСЖ $185/\text{мин}$, ТЖ $44/\text{мин}$, $\text{SpO}_2 91\%$ ауада, 96% оттегі маскасымен, АҚК $70/40 \text{ мм сын.бағ.}$, капиллярлық толу 6 секунд. Тері салқын, шеткері перфузия нашар. Диурез катетер қойылғаннан кейін алғашқы сағатта $0,2 \text{ мл/кг}$. Зертханалық көрсеткіштер: $\text{Hb } 165 \text{ г/л}$ (гемоконцентрация), лейкоциттер $25 \times 10^9/\text{л}$, $\text{Na}^+ 132 \text{ ммоль/л}$, $\text{K}^+ 6,2 \text{ ммоль/л}$, креатинин 120 мкмоль/л . Лактат $7,5 \text{ ммоль/л}$. Қан газдары: $\text{pH } 7,22$, $\text{BE } -11 \text{ ммоль/л}$. Карбоксигемоглобин деңгейі жоғарылаған.

Сұрақтар: Күйіктік шоктың ауырлық дәрежесін қалай бағалайсыз? Сұйықтық терапиясын (Parkland формуласы) қалай есептейсіз және нақтылауды қалай жүргізесіз? Ингаляциялық зақымға күдік туғанда тыныс жолдарын басқару тактикасы қандай? Гиперкалиемиюны және метаболикалық ацидозды қалай түзетесіз? Абдоминальды немесе компартмент-синдром дамуын қалай ерте анықтайсыз?

«Педиатриядағы қарқынды терапия»

АБ– 1

2 - нұсқа

№1.

15 жастағы ұл бала он екі елі ішектің ойық жарасынан массивті қан кетуге байланысты шұғыл операция жасалғаннан кейін реанимация бөлімінде бақылауда. Анамнезінде соңғы 2 айда эпигастрий аймағында аш қарынға ауыру, қышқыл кекіру болған, ем қабылдамаған. Қабылдау кезінде көп рет қан құсу және мелена болған, гемоглобин 62 г/л дейін төмендеген. Операция барысында қан кету көзі тігіліп, 600 мл қан жоғалтқан. Операциядан кейінгі 5-сағатта бала әлсіреп, бас айналуына, жүрек қағуына шағымданады, назогастральды зонд арқылы қара-қоңыр сұйықтық қайта бөлінген. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы сақталған, бірақ тежелген. Тері жабындылары бозғылт, суық, жабысқақ тер. Жүрек соғу жиілігі 170 рет минутына, артериялық қысым 70/35 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 32 рет минутына, оттегімен қанығу 95% маскамен. Капиллярлық толу 6 секунд. Іші жұмсақ, бірақ операциялық аймақтан дренаж арқылы қан аралас бөлінді бар. Диурез 0,2 мл/кг/сағ. Гемоглобин 74 г/л, тромбоциттер 110×10^9 /л, лактат 7,8 ммоль/л, рН 7,19, негіздік тапшылық -13 ммоль/л, фибриноген төмендеген.

Сұрақтар: 1) Қандай типті шок дамыған және оның сатысы қандай 2) Қайта қан кетуді қандай клиникалық және зертханалық белгілермен бағалайсыз 3) Инфузиялық және трансфузиялық терапияның алгоритмі қандай 4) Қайта хирургиялық ревизияға нақты көрсеткіштер қандай 5) Тіндік гипоперфузияны динамикада қандай көрсеткіштер арқылы бақылайсыз.

№2.

10 жастағы қыз бала 6 күн бұрын лакунарлы ангинамен ауырған, өз бетінше ем қабылдаған. 3-күннен бастап жұтыну қиындап, мойын аймағында ауырсыну және ісіну пайда болған, соңғы тәулікте дене қызуы 40°C , ентигу, әлсіздік, кеуде артында ауырсыну күшейген. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы тежелген, сұрақтарға баяу жауап береді. Тері бозғылт-сұр, еріндері көгерген. Жүрек соғу жиілігі 160 рет минутына, артериялық қысым 75/40 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 40 рет минутына, оттегімен қанығу 90% ауада. Мойын аймағы ісінген, пальпацияда айқын ауырсынады, теріастылық эмфизема элементтері бар. Кеуде қуысының компьютерлік томографиясында медиастинумда сұйықтық жиналуы және газ көпіршіктері анықталған, плевра қуысында аз мөлшерде экссудат бар. Лейкоциттер 30×10^9 /л, прокальцитонин жоғары, лактат 8,1 ммоль/л, креатинин 210 мкмоль/л, рН 7,17. Диурез төмендеген.

Сұрақтар: 1) Септикалық шоктың ауырлық дәрежесін қалай анықтайсыз 2) Алғашқы сағаттағы инфузиялық терапия көлемін қалай есептейсіз 3) Шұғыл хирургиялық дренажға көрсеткіштер қандай 4) Антибактериалды терапияны таңдауда қандай принциптерді ұстанасыз 5) Көп ағзалық жеткіліксіздікті қандай шкалалар және көрсеткіштер арқылы бағалайсыз.

№3.

14 жастағы ұл бала велосипедтен құлап, самай аймағымен асфальтқа соғылған. Алғашқы 20 минутта есінен танып, кейін есін жиған, бірақ 2 сағаттан соң бас ауыруы күшейіп, құскан, ұйқышыл болған. Қабылдау кезінде санасы сопор деңгейінде, Глазго шкаласы бойынша 8 балл. Оң қарашық кеңейген, жарыққа баяу жауап береді. Жүрек соғу жиілігі 55 рет минутына, артериялық қысым 160/95 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 18 рет минутына, ырғақсыз. Терісі бозғылт. Компьютерлік томографияда оң жақ самай аймағында эпидуралды гематома 25 мл көлемде, ортаңғы сызық 6 мм ығысқан, мидың ісіну белгілері бар. Қан газдары: рН 7,31, көмірқышқыл газы жоғары, лактат 3,2 ммоль/л.

Сұрақтар: 1) Интракраниалдық гипертензияның клиникалық белгілері қандай 2) Церебралды перфузиялық қысымды қалай анықтайсыз 3) Осмодиуретиктер мен гипертониялық ерітінділерді

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Кафедра «Шұғыл медицина және мейіргер ісі» Бақылау-өлшеу құралдары	57/11 () 26 беттің 5беті

колдану принциптері қандай 4) Шұғыл нейрохирургиялық араласуға көрсеткіштер қандай 5) Өкпені жасанды желдету параметрлерін қалай таңдауға болады.

№4.

6 жастағы қыз бала 3 күн бойы іштің ұстамалы ауыруына, көп рет қайталанатын құсуға шағымданып, үй жағдайында ем қабылдаған. Алғашқы тәулікте құсықта тағам қалдықтары болса, кейін өт аралас болған. Соңғы 24 сағатта нәжіс те, газ да шықпаған. Ата-анасының айтуынша бала әлсіреп, ұйқышыл болып, су ішкеннен кейін бірден құсады. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы сақталған, бірақ тежелген. Тері жабындылары құрғақ, бозғылт, тургоры төмен, еріндері кеберсіген, көз алмалары шүңірейген. Жүрек соғу жиілігі 170 рет минутына, артериялық қысым 75/40 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 36 рет минутына, оттегімен қанығу 96% ауада. Капиллярлық толу 5–6 секунд. Іші айқын кебинген, пальпацияда жайылған ауырсыну, перистальтика бастапқыда жоғары дыбысты, кейін әлсіреген. Тік ішек арқылы тексеруде ампула бос. Диурез соңғы 8 сағатта азайған. Зертханалық көрсеткіштер: натрий 156 ммоль/л, калий 2,7 ммоль/л, хлор төмен, креатинин 180 мкмоль/л, мочевина жоғары, гематокрит 52%, лактат 7,2 ммоль/л, рН 7,24, негіздік тапшылық –12 ммоль/л. Құрсақ қуысының шолу рентгенограммасында ішек ілмектерінің айқын кеңеюі және бірнеше сұйықтық деңгейлері анықталған, ультрадыбыстық зерттеуде ішек қабырғасының қалындауы және перистальтиканың болмауы байқалады.

Сұрақтар: 1) Сусызданудың дәрежесін және шоктың түрін қалай анықтайсыз 2) Сұйықтық тапшылығын есептеу және түзету жылдамдығы қандай болуы тиіс 3) Гипернатриемияны қауіпсіз түзету принциптері қандай 4) Ішек ишемиясының зертханалық және клиникалық белгілері қандай 5) Операцияға дейінгі реанимациялық дайындықтың негізгі кезеңдері қандай.

№5.

12 жастағы ұл бала 7 күн бойы оң сан сүйегінің төменгі бөлігіндегі ауырсынуға, дене қызуының 39–40°C дейін көтерілуіне шағымданған. Алғашқы күндері үй жағдайында қызу түсіретін дәрілер қабылдаған. Соңғы 24 сағатта жағдайы күрт нашарлап, әлсіздік, енгіту, сананың шатасуы пайда болған. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы сопор деңгейінде. Тері жабындылары бозғылт-сұр, аяқ-қолдары суық, тершеңдік бар. Жүрек соғу жиілігі 180 рет минутына, артериялық қысым 60/35 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 40 рет минутына, оттегімен қанығу 88% ауада. Капиллярлық толу 6 секунд. Оң сан аймағы ісінген, гиперемияланған, пальпацияда айқын ауырсынады, қозғалыс шектелген. Диурез 0,2 мл/кг/сағ. Зертханалық көрсеткіштер: лейкоциттер 35×10^9 /л, тромбоциттер 70×10^9 /л, прокальцитонин өте жоғары, лактат 9,5 ммоль/л, креатинин 280 мкмоль/л, билирубин 120 мкмоль/л, рН 7,15, негіздік тапшылық –14 ммоль/л. Кеуде қуысының рентгенограммасында екі жақты инфилтративті өзгерістер анықталған. Қан мәдениетінде алтын түстес стафилококк өсірілген.

Сұрақтар: 1) Септикалық шоктың клиникалық және зертханалық критерийлері қандай 2) Алғашқы сағаттағы инфузиялық және вазоактивті терапия тактикасы қандай 3) Тыныс жеткіліксіздігін басқару алгоритмі қандай 4) Хирургиялық санацияға көрсеткіштер және мерзімі қандай 5) Полиоргандық дисфункцияны динамикада қандай көрсеткіштер арқылы бағалайсыз.

ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН

**MEDISINA
AKADEMIASY**

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ



SOUTH KAZAKHSTAN

**MEDICAL
ACADEMY**

АО «Южно-Казakhstanская медицинская академия»

Кафедра «Шұғыл медицина және мейіргер ісі»

57/11 ()

Бақылау-өлшеу құралдары

26 бетің ббеті

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

2 Аралық бақылауға арналған бағдарлама сұрақтары

БББ атауы: 7R01123 «Балалар хирургиясы»

Пән коды: R-NH

Пәннің атауы: «Педиатриядағы қарқынды терапия»

Оқу сағаттарының/кредиттердің көлемі: 4 кредит, 120 сағат

Курс және оқу семестрі: 1курс

Әзірлеуші кафедра ассистенті:

Аблатаева Р.Б.

Кафедра менгерушісі к.м.н доцент

Сейдахметова А.А.

Хаттама № 11 26 06 2025ж.



«Педиатриядағы қарқынды терапия»

АБ-2

1 - нұсқа

№1.

13 жастағы ұл бала жол-көлік апатынан кейін 1 сағаттан соң жеткізілді. Оқиға кезінде қауіпсіздік белдігін таппаған, іш және кеуде аймағымен алдыңғы панельге соғылған. Қабылдау кезінде әлсіз, бас айналуына шағымданған. Қарау барысында терісі бозғылт, суық, жабысқақ тер басқан. Жүрек соғу жиілігі 175 рет минутына, артериялық қысым 60/30 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 38 рет минутына, оттегімен қанығу 94% маскамен. Іші кернелген, сол жақ қабырға астында ауырсыну айқын. Ультрадыбыстық зерттеуде іш қуысында еркін сұйықтық анықталған. Гемоглобин 76 г/л, гематокрит 23%, лактат 10,2 ммоль/л, рН 7,12, негіздік тапшылық -16 ммоль/л. Шұғыл лапаротомияда көкбауырдың көп фрагментті жыртылуы және 1200 мл-ден астам қан анықталған, спленэктомия жасалған. Операциядан кейін реанимация бөлімінде норадреналин инфузиясы жалғасуда, диурез 0,3 мл/кг/сағ, тромбоциттер 65×10^9 /л, фибриноген төмендеген, теріде қанталау ошақтары пайда болған.

Сұрақтар: 1) Геморрагиялық шоктың сатысын қалай бағалайсыз 2) Массивті трансфузиялық терапияның құрамын қалай жоспарлайсыз 3) Коагулопатияны түзету тактикасы қандай 4) Операциядан кейінгі гипотермия мен ацидоздың рөлі қандай 5) Полиоргандық жеткіліксіздікті ерте кезеңде қалай анықтайсыз.

№2.

Гестациялық жасы 37 апта, салмағы 2800 г қыз бала өмірінің 1-тәулігінде өңеш атрезиясына байланысты операцияланған. Операциядан кейінгі 2-тәулікте балада тыныс жиілеуі, цианоз, емуден бас тарту байқалған. Қарау кезінде жағдайы ауыр, летаргиялық. Жүрек соғу жиілігі 180 рет минутына, артериялық қысым 48/22 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 70 рет минутына, қабырғааралық тартылу бар, оттегімен қанығу 88% оттегі маскасымен. Кеуде аускультациясында екі жақты ұсақ ылғалды сырылдар, оң жақта тыныс әлсіреген. Іші жұмсақ, операциялық тігіс аймағы таза. Қан анализінде лейкоциттер 28×10^9 /л, лактат 6,4 ммоль/л, креатинин 130 мкмоль/л, рН 7,21, көмірқышқыл газы жоғарылаған. Кеуде рентгенограммасында оң өкпеде инфильтрация, медиастинум ығысуы жоқ. Диурез төмендеген.

Сұрақтар: 1) Тыныс жеткіліксіздігінің ауырлық дәрежесін қалай анықтайсыз 2) Интубацияға көрсеткіштер қандай 3) Инфузиялық терапияны қалай жоспарлайсыз 4) Анастомоз жеткіліксіздігін қандай белгілер арқылы күдіктенесіз 5) Неонатальды сепсисті динамикада қалай бағалайсыз.

№3.

11 жастағы ұл бала іш аймағына соққы алғаннан кейін 6 сағат өткен соң жеткізілді, мектептегі спорттық жаттығу кезінде ішіне доп қатты тиген. Алғашқы сағаттарда тек эпигастрий аймағында ауырсыну болған, кейін ауырсыну күшейіп, қайталамалы құсу, әлсіздік пайда болған. Қарау кезінде жағдайы ауыр, санасы сақталған, бірақ әлсіз және мазасыз. Тері бозғылт, тершеңдік бар. Жүрек соғу жиілігі 155 рет минутына, артериялық қысым 85/50 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 34 рет минутына, оттегімен қанығу 97% ауада. Іші кебинген, эпигастрийде және сол жақ қабырға астында ауырсыну айқын, бұлшықеттік қорғаныш байқалады, перистальтика әлсіреген. Диурез азайған. Зертханалық көрсеткіштер: амилаза және липаза айқын жоғары, лейкоциттер 22×10^9 /л, гематокрит



48%, лактат 6,7 ммоль/л, креатинин 170 мкмоль/л, рН 7,23, негіздік тапшылық –10 ммоль/л. Құрсақ қуысының компьютерлік томографиясында ұйқы безі аймағында паренхималық үзілу, сұйықтық жиналуы және іш қуысында еркін сұйықтық анықталған.

Сұрақтар: 1) Жарақаттық панкреатиттің ауырлық дәрежесін қалай бағалайсыз 2) Инфузиялық терапия көлемін және құрамын қалай жоспарлайсыз 3) Ерте хирургиялық араласуға көрсеткіштер қандай 4) Ферменттік перитониттің асқынуларын қалай алдын аласыз 5) Полиорғандық дисфункцияның дамуын қандай көрсеткіштер арқылы бақылайсыз.

№4.

8 жастағы қыз бала 4 күн бойы іштің ауыруы, қызба, құсу шағымдарымен үй жағдайында болған. Ауруханаға кеш жеткізілген, операция кезінде жайылған іріңді перитонит анықталған, іш қуысы санацияланып, дренаж қойылған. Операциядан кейінгі 18 сағатта жағдайы нашарлаған. Қарау кезінде санасы тежелген, тері бозғылт-сұр, аяқ-қолдары салқын. Жүрек соғу жиілігі 168 рет минутына, артериялық қысым 65/35 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 36 рет минутына, оттегімен қанығу 94% оттегі маскасымен. Диурез 0,2 мл/кг/сағ. Іші кернелген, перистальтика жоқ, дренаж арқылы лайлы бөлінді бөлінеді. Лейкоциттер 29×10^9 /л, тромбоциттер 90×10^9 /л, лактат 8,4 ммоль/л, креатинин 260 мкмоль/л, билирубин жоғарылаған, рН 7,18, негіздік тапшылық –14 ммоль/л. Қан мәдениетінде ішек таяқшасы анықталған.

Сұрақтар: 1) Септикалық шоктың ауырлық критерийлері қандай 2) Алғашқы сағаттағы инфузиялық және вазоактивті терапия тактикасы қандай 3) Жедел бүйрек жеткіліксіздігін қалай бағалайсыз 4) Қайта хирургиялық ревизияға көрсеткіштер қандай 5) Көп ағзалық жеткіліксіздікті динамикада қалай бағалайсыз.

№5.

7 жастағы ұл бала 5 күн бұрын қайнаған суға күйіп, денесінің шамамен 30% аймағында терең күйік алған, алғашқы хирургиялық өңдеу жүргізілген. Соңғы 24 сағатта дене қызуы 39°C , әлсіздік, ентигу, жара аймағында іріңді бөлінді пайда болған. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы сақталған, бірақ әлсіз. Тері бозғылт, күйік аймақтары ісінген, гиперемияланған, жағымсыз иісті бөлінді бар. Жүрек соғу жиілігі 170 рет минутына, артериялық қысым 80/45 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 40 рет минутына, оттегімен қанығу 90% ауада. Диурез 0,4 мл/кг/сағ. Лейкоциттер 31×10^9 /л, жалпы ақуыз төмен, альбумин айқын төмендеген, лактат 7,6 ммоль/л, креатинин 200 мкмоль/л, рН 7,21. Кеуде рентгенограммасында екі жақты инфильтрация белгілері бар.

Сұрақтар: 1) Күйіктік аурудың қай кезеңі дамыған 2) Септикалық асқынуды қандай критерийлермен бағалайсыз 3) Инфузиялық және альбуминдік терапия тактикасы қандай 4) Тыныс жеткіліксіздігін басқару принциптері қандай 5) Жара инфекциясын хирургиялық бақылау тактикасы қандай.

«Педиатриядағы қарқынды терапия»

АБ-2

2 - нұсқа

№1.

2 жастағы ұл бала ішектің некрозына байланысты 3 апта бұрын ауқымды резекция жасалған, жіңішке ішектің шамамен 70% алынған, илеостома қалыптастырылған. Соңғы 5 күнде стома арқылы тәулігіне 80–100 мл/кг дейін сұйық бөлінді бөлінеді. Ата-анасының айтуынша бала әлсіреген, тәбеті төмен, шөлдей береді, соңғы тәулікте ұйқышылдық күшейген. Қарау кезінде жағдайы ауыр, санасы сақталған, бірақ апатиялық. Тері құрғақ, тургоры төмен, көздері шүңірейген. Жүрек соғу жиілігі 165 рет минутына, артериялық қысым 70/40 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 34 рет минутына, оттегімен қанығу 97% ауада. Капиллярлық толу 5 секунд. Диурез 0,3



мл/кг/сағ. Зертханалық көрсеткіштер: натрий 130 ммоль/л, калий 2,8 ммоль/л, магний төмен, хлор төмен, креатинин 150 мкмоль/л, лактат 6,0 ммоль/л, рН 7,19, негіздік тапшылық –15 ммоль/л, альбумин төмен.

Сұрақтар: 1) Дегидратация мен шоктың типін қалай бағалайсыз 2) Сұйықтық және электролит тапшылығын есептеу алгоритмі қандай 3) Метаболикалық ацидозды түзету принциптері қандай 4) Парентералды қоректендіруді ұйымдастыру тактикасы қандай 5) Қысқа ішек синдромының ұзақ мерзімді асқынуларын қалай алдын аласыз.

№2.

9 жастағы бала туа біткен ішек ақауына байланысты бірнеше рет операция жасалған, ауыр қысқа ішек синдромы дамыған, 1 апта бұрын ішек трансплантациясы орындалған. Алғашқы күндері жағдайы тұрақты болған, бірақ соңғы 24 сағатта дене қызуы 39°C, тахикардия, ішінің кебуі, трансплантат аймағында ауырсыну пайда болған. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы тежелген. Тері бозғылт-сұр, тершендік бар. Жүрек соғу жиілігі 170 рет минутына, артериялық қысым 65/35 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 38 рет минутына, оттегімен қанығу 92% маскамен. Диурез 0,4 мл/кг/сағ. Іші кернелген, перистальтика әлсіреген. Лейкоциттер 27×10^9 /л, тромбоциттер 80×10^9 /л, лактат 8,7 ммоль/л, креатинин 230 мкмоль/л, билирубин жоғары, рН 7,17, негіздік тапшылық –14 ммоль/л. Құрсақ қуысының ультрадыбыстық зерттеуінде трансплантат аймағында сұйықтық жиналуы анықталған.

Сұрақтар: 1) Трансплантат дисфункциясының және сепсисінің клиникалық белгілері қандай 2) Иммуносупрессивті терапияны қалай түзетесіз 3) Инфузиялық және вазоактивті терапия тактикасы қандай 4) Хирургиялық ревизияға көрсеткіштер қандай 5) Полиоргандық жеткіліксіздікті динамикада қандай параметрлермен бағалайсыз.

№3.

10 жастағы ұл бала 5 күн бұрын жедел перфоративті дивертикулитке байланысты операция жасалған, іш қуысы санаңияланып, дренаж қойылған. Алғашқы 2 тәулік салыстырмалы тұрақты болған, бірақ соңғы 24 сағатта еңтігу күшейіп, тыныс жиілеген, мазасыздық пайда болған. Қарау кезінде жағдайы өте ауыр, санасы тежелген. Тері бозғылт-сұр, еріндері көгерген. Жүрек соғу жиілігі 160 рет минутына, артериялық қысым 85/50 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 42 рет минутына, оттегімен қанығу 86% ауада, 92% жоғары ағынды оттегімен. Капиллярлық толу 5 секунд. Өкпеде екі жақты ұсақ ылғалды сырылдар. Диурез 0,4 мл/кг/сағ. Лейкоциттер 28×10^9 /л, тромбоциттер 95×10^9 /л, лактат 7,5 ммоль/л, креатинин 210 мкмоль/л, рН 7,25, көмірқышқыл газы жоғарылаған. Кеуде рентгенограммасында екі жақты диффузды инфильтрация. Сұрақтар: 1) Жедел респираторлық дистресс-синдром диагнозын қандай критерийлермен қоясыз 2) Өкпені жасанды желдетудің қорғаныштық стратегиясы қандай 3) Сұйықтық балансын қалай басқару қажет 4) Сепсисті емдеу алгоритмі қандай 5) Полиоргандық жеткіліксіздікті динамикада қалай бағалайсыз.

№4.

8 жастағы қыз бала қалқанша безінің көлемді түзілісіне байланысты операция жасалғаннан кейін 12 сағаттан соң мазасызданып, саусақтарының тартылуына, ерін айналасында шаншу сезіміне шағымданған. Кейін генерализденген құрысу эпизоды дамыған. Қарау кезінде жағдайы ауыр, санасы шатасқан. Тері бозғылт, бұлшықеттердің тоникалық тартылуы байқалады. Жүрек соғу жиілігі 150 рет минутына, артериялық қысым 90/55 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 30 рет минутына, оттегімен қанығу 97%. Электрокардиограммада аралық ұзаруы байқалады. Зертханалық көрсеткіштер: жалпы кальций айқын төмен, иондалған кальций төмен, магний төмен, лактат 3,5 ммоль/л, рН 7,36. Сұрақтар: 1) Жедел гипокальциемияның клиникалық белгілері қандай 2) Кальцийді шұғыл енгізу тактикасы қандай 3) Құрысу синдромын қалай тоқтатасыз 4) Электролиттік теңгерімді әрі қарай қалай бақылайсыз 5) Қайталама асқынулардың алдын алу шаралары қандай.

№5.



13 жастағы ұл бала бауыр кистасын алып тастау операциясынан кейін 3-тәулікте жағдайының нашарлауына байланысты реанимацияға ауыстырылды. Соңғы тәулікте тері сарғайып, әлсіздік күшейген, ұйқышылдық пайда болған. Қарау кезінде жағдайы ауыр, санасы тежелген. Тері және склера сарғыш, теріде қанталау ошақтары бар. Жүрек соғу жиілігі 140 рет минутына, артериялық қысым 85/50 мм сын.бағ., тыныс жиілігі 28 рет минутына, оттегімен қанығу 96%. Іші жұмсақ, операциялық аймақ таза. Зертханалық көрсеткіштер: билирубин айқын жоғары, бауыр ферменттері жоғары, протромбин уақыты ұзарған, фибриноген төмен, тромбоциттер азайған, лактат 6,8 ммоль/л, креатинин 190 мкмоль/л, рН 7,28.

Сұрақтар: 1) Жедел бауыр жеткіліксіздігінің критерийлері қандай 2) Коагулопатияны түзету тактикасы қандай 3) Инфузиялық терапияны қалай жоспарлайсыз 4) Бауыр энцефалопатиясын қалай бағалайсыз 5) Полиоргандық жеткіліксіздіктің дамуын қалай мониторингілеу қажет.

БАҚЫЛАУ-ӨЛШЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

практикалық дағдылар тізімі

Жүрек-өкпе реанимациясы

Қан тобын және Rh факторын анықтау, гемотрансфузия принциптері

Балада асқазанды зондтау және шаю

Қуықтың катетеризациясы

Венасекция, артерия секциясы

Жергілікті, өткізгіш және корпустық анестезия әдістері



Қорытынды аттестациялауға арналған бағдарлама сұрақтары
«Педиатриядағы қарқынды терапия»
2025-2026 оқу жылы.

1. Бала 8 жаста, жалпы эндотрахеальды анестезиямен операция жасалынып жатыр. Науқасты бақылау кезінде анестезиолог операция кезінде қан кетудің жоғарылағанын байқады. Инфузиялық терапияны түзету үшін жалпы жағдайды бағалауды бастады. Қан кетудің өтелген сатысына ТӨН ЕМЕС белгі:
 - A) артериальді гипертензия
 - B) тахикардия
 - C) тері жамылғысының бозаруы
 - D) олигурия
 - E) тахипноэ
2. Бала 12 жаста, іштің жарақаттануына және ішкі қан кетуге байланысты түскен. Диагностикалық лапароскопия жоспарлануда. Тексеру кезінде анестезиолог жалпы жағдайды және анестезия қаупін бағалайды. Балалардағы қан жоғалтуда компенсацияланған кезеңіне ТӨН ЕМЕС:
 - A) орталық веноздық қысымның жоғарлауы
 - B) артериальді гипотензия
 - C) тахикардия
 - D) анурия
 - E) тері жамылғысының бозаруы
3. Кеңірдектің экзостубациясынан кейін 4 жастағы балада стридорозды тыныс, кеуде қуысының ішіне тартылуы, цианоз, SpO₂-нің 88% дейін төмендеуі, PaO₂ 55 мм с.б.б. дейін төмендеуі пайда болды. Ауыз қуысы және көмей- жұтқыншақты тазалау әрекеті гипоксемияның күшеюіне алып келді. Өкпенің аускультациясында – тыныстың екі жақты әлсіреуі, сырылдар жоқ. Дамыған асқынудың түрі және емдеу шараларының тәртібі:
 - A) ларингоспазм, жоғары ағынмен үздіксіз қосымша оксигенотерапия, ауыз қуысын ұқыпты және қысқа мерзімді санациялау
